

ӘДЕБИЕТ • МӘДЕНИЕТ • ҒЫЛЫМ • ӨНЕР • ӘДЕБИЕТ • ҒЫЛЫМ

2011

ҮРКЕР

№5 (32)

www.kazgazeta.kz

Urker_2010@mail.ru



Лаура ДӘУРЕНБЕКОВА

филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы» кафедрасында аға оқытушы болып қызмет атқарады.

Т. Әлімқұлов аудармаларындағы баламалылық табиғаты



Т. Әлімқұлов – көркем әдебиетке белсене араласумен бірге, көркем шығармалар аударып, оның сыны мен зерттеуіне де айрықша үлес қосқан белгілі қаламгер. Оның қаламынан туған төл туындыларынан ғана емес, көркем аудармаларын оқи отырып, қазақтың сөздік қорын молынан қолданғанына көз жеткізесіз. Т. Әлімқұловтың сөздігі бай, тілі шебер екенін қаламдастары ерте кезде-ақ мойындаған. Қай-қайсының қаламгер туралы жазған естеліктерімен танысып, сұхбаттаса қалсақ оның ең бірінші шұрайлы

тіліне соқпай кетпейтінін байқауға болады. Мәселен, жазушы Т. Ахтанов: «Тіл проблемасына тап Т. Әлімқұловтай зерек қарап, сергек талдаған қаламгер қазақ әдебиетінде жоққа тән. Тілді ол тарих деп, тағдыр деп қарады. Тілдің қалың қатпарына еркін бойлап, тіл бояуын көзбен көріп, қолмен ұстағандай етене сезіне білетін талғампаз талант публицистикада – туған тіл жанашыры, көркем прозада – стилист-суреткер болып танылады. Тәкен жаңа сөз тапса, моншақ тауып алған баладай қызықтайды», – деп бекер айтпа-



са керек. Тілге деген тазалығы, сөз қолдануындағы жауапкершілігін оның аудармаларынан да байқауға болады.

«Аударма туынды өз деңгейінде болуы – тілдің нәрлілігі, құнарлығы, бейнелілігіне байланысты. Сондықтан да аудармашылар тіл заңдылығын, сөз қолданысын білуі шарт» дей отырып, Т. Әлімқұлов түпнұсқа мен аударманың бір-біріне сәйкес келуі үшін баламалылыққа баса мән берген. Әрине, әрбір образ жүйесінен балама табу жеке элементтерден, сөйлем ішіндегі жеке компоненттерден балама табудан басталады. Қазақ көркем аударматануында аударма шығармаға баға берген кезде, аударма – аударманың балама тәсілімен жасалынған. «Балама - бұл ең қиын түр» деген атау қалыптасып келеді. Қандай аударма жасасақ та, барлық сөздің баламасын қолданатынымыз, әрбір сөздің баламасын табу оңай емес екені белгілі. Қарастыратынымыз да, сөздің баламасы нақты берілген бе, жоқ па, егер сөздің баламасынан аудармашы ауытқыса, онда түпнұсқа мәтінінің ойы өзгеретіні рас. Ол үшін аудармашылардың сөздік қоры бай болып, сөздің баламасын жақсы түсініп, өз орнымен пайдаланса, аударманың да шеберлігі артады. Әрине, түпнұсқадағы әр сөздің аударатын тіліндегі сөздерден өзіне лайықты баламасын табумен қатар, мазмұнның, семантикалық-стистикалық, функционалдық ақпараттың дәл берілуіне назар аудару керек. Т. Әлімқұлов аударманың сәтті шығуын әрбір сөздің дәл баламасын беру ғана деп түсіндірмейді. «Аудармадағы ең бір көңіл қоярлық нәрсе — сөз баламаларының әрбір контекстің ыңғайына қарай орынды қолданылуында. Аудармашы белгілі бір сөзді қазақшалағанда онымен ұғымдас, мәндес келетін бар сөздерді саралай отырып, солардың ішінен нақосықалыпқа, осы көрініске, осы баяндауға лайықты келетінін, нақ осы жерде жазушының бейнелеп отырған өмір көрінісін құрастырарлықтай сөз бояуының бір түрі бола алатындайын қолданады. Балама бейнелер мәтіннің сыртқы тұрпатынан емес, түпкі төркінінен туындауға тиіс. Бұған сөйлем жатықтығы, ішкі ырғақ, сөз екшеуі қосылады» деп баламалылықтың мәні тереңде екенін байқатады. Т. Әлімқұловтың аударма жасау барысында да ең бірінші сөз баламаларын ерекше қадағалап, екшеп барып, қолданатынының дәлелі ретінде аудармашы А. Шаншаровтың естелігінен үзінді келтіре кетейік. «Т. Әлімқұлов жазғандарын оқығанда екеуміздің

арамызда риясыз ағытылып жататын ой-пікірлер белгілі бір мақалаға немесе әңгімеге желі болып тартылып, жан біткендей дүр сілкініп, әлдеқайда қанат қағып, әлдебір қиырларға самғап бара жатқандай сезілетін. Сонымен бірге, Тәкен – мықты аудармашы да еді. Аударма жөнінде де көбірек пікірлесетінбіз. Жаңадан аударып жүрген шығармаларымды оған оқытатынмын. Жалықпай қарап шығып, едәуір кемшіліктерді тізіп беретін. Беларустың атақты классик жазушысы Иван Мележдің «Люди на болоте» («Сздақтағы ел») деген ғажайып романын бірігіп аудардық. Ол әр сөзін ерінбей, жалықпай қарап баламасын іздеп сөйлемдерді қиыннан қиыстырып тұрып аударып, құрастыратын. Қысқа-қысқа өлең жолдарын да аса мұқият қарап, тиянақты келтіреді. Аударма барысында көбінесе маған сөздердің баламасын тауып кел деп тапсырма беретін. Сосын жинақтап отырып келісіп қолданатынбыз. Осылайша аударма жұмысын Т. Әлімқұловтан үйрендім десем де болады». Т. Әлімқұловтың аудармаларындағы баламалылық табиғатына назар аудару үшін, аталмыш романның аудармасын түпнұсқасымен салыстыра отырып қарастырайық.

Беларус жазушысы Иван Мележдің «Люди на болоте» атты романы 20-30 жылдардағы Беларусьтағы деревня тұрғындарының өмірін суреттеуге арналған. Автор шаруалар еңбегінің қалың қыртысты қат-қабат көрінісін, жаңа бетбұрыс кезіндегі шиеленіскен әлеуметтік күресті реалистік болмыста сипаттайды. Аудармашы алдымен әрбір сөздің ұғымын тың баламалармен беруге күш салғанын байқаймыз. Әсіресе, табиғат суретін беруде де, сөздерді шектемей, шығармашылық еркіндікпен суреттейді.

Мәселен, «Зима понемногу крепчала. Землю то сковывало холодом и яркой белизной – аж слепило глаза, - шириль поля, то наступала оттепель – снег темнел, и нудный, беспростветный, моросил дождь. Только под самый Новый год мороз сковал землю как следует и зима стала властвовать по всюду: застилала просторы новыми и новыми отбеленными полотнами, обкладывала хаты, и хлева сугробами, перерезала улицы белыми горами...» дейді автор.

Аударма: «Қыс біртіндеп қатайып келе жатты. Жерді біресе салқын лебімен әрі шағырмақ ақтығымен құрсап, тіпті көз шағылдырып, дала ны кеңейте түскендей болады, біресе жылымық



шабуылға шығып – қас қарайып, іш пыстырған айықпас жауын себелейді. Тек дәл жана жылдың алдында ғана аяз жерге кәдімгідей құсады да, қыс бар жерде билігін жүргізе бастады: кең жазықтарды үсті-үстіне ақ көрпелермен айқара жауып, үйлер мен мал коралардың айналасын күрткі қарлармен көміп, көшелерді ақ таулармен кес-кестеді...». Байқап отырғанымыздай, табиғат құбылысының айрықша белгісін сипаттайтын эпитетті ұтымды қолданады. Тіпті, автор берген табиғат суретін жандандырып суреттеп, оқырманға прагматикалық әсер ету үшін, мұнда да мағынаны ұлғайтып бейнелейді. «Шағырмақ ақтығымен құрсау», «ақ көрпелермен айқара жауып», «күрткі қар», «айықпас жауын», «ақ тау» тіркестерін мәтінде орынды қолданған.

Сондай-ақ, «...Как-то они вылезли из воды с клемями, сидели возле лозового куста – в некотором отдалении друг от друга, потому что рядом были родители. Переговорились тем способом, когда обе всем говорят только влюбленные глаза. Счастьем наполнилась грудь, счастьем сиял берег озера, трава, осека, весь свет...» деген сөйлем бар авторда.

Аударма: «...Бір күні бұлар судан клемямен балық аулап шығып, талдың түбінде бір-бірінен алшақтау отыр еді. Өйткені ата-аналары қастарында, бірге болатын. Бұлар тілдескенде «ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көрде ішпен біл» дегенді ынтық көңілдерімен-ақ аңғартып отырғандай еді. Көкіректерін қуаныш кернеп, көлдің жағалауы, шалғын шөп, қамыс-құрақ күллі дүние бақыт құшағына енгендей еді...». Осы үзіндідегі аудармашы ғашықтардың ішкі сезімін түпнұсқадағыдай қарапайым сөздермен емес, Абайдың «ғашықтың тілі тілсіз тіл, көзбен көрде ішпен біл» деген қанатты сөзін қолданса да, мәтін мазмұнынан ауытқып тұрған жоқ. «Контекстегі сөздің ауыспалы мағынасын, стильдік қызметін толық жеткізе алатын балама, сәйкестік бола тұрса да, аудармашы көп ретте сөздің семантикасын ашатын басқа баламаны, сөзді, сөз тіркесін іздейді және пайдаланады». Демек, Т.Әлімқұлов қолданып тұрған бейнелі сөз шығарманың көркемдігін арттырмаса, кемітіп тұрған жоқ.

Сондай-ақ, «Люди всегда были чем-нибудь заняты: утром и вечером, летом и зимой, в хате, на дворе, в поле, на болоте, в лесу...», – дегенді «Адамдар қашан болсын қол қусырып қарап отырмай, таңертең және кешке, қыста және жазда, үйде, ау-

ылда, түзде, батпақта тіршілік құрады...». Мұнда да «қол қусыру» фразеологизмін орынды қолданып, оны әрі «қарап отырмай» деп нақтылап береді. Аударма мәтін лексикалық-семантикалық жағынан да түпнұсқа мәтініне ешбір нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Сонымен бірге, аудармашы кейбір сөйлемдерге сөз үстемелеп отырады. Бірақ та, түпнұсқа мәтінімен салыстырып оқығанда оның мағынадан ауытқымай қайта мағынаны дамытып тұрғанын байқаймыз.

Мәселен, «Вокруг гнила кочкеватая тряси-на да шумели вечно мокрые лес» – деген сөйлемді « айналасы іріп-шіріген томарлы ми-батпақ пен сыңси шуылдап тұрған мәңгі-бақи ылғалды ормандар» – деп келтірген. Байқап отырсақ, мұнда орыс тіліндегі бір мағынаны беретін сөйлем қазақ тіліне аударылғанда көлемі жағынан өскен. «Іріп-шіріген», «ми-батпақ», «мәңгі-бақи» қос сөздерін пайдалану арқылы, мағынаны кеңейтіп беруді мақсат еткен. Жәй ғана «шуылдап тұрған» дей салса да болар еді, бірақ, «сыңси» деп сөз үстемелеп қосу арқылы суретке жан бітіріп, образды түрде әсерлі береді.

Түпнұсқа: «Для других лето было как лето, как и в прошлые годы. Для солнца, для неба оно было таким же, как и тысячи, сотни тысяч лет назад. Когда стыла здесь кругом трясины и гнили мокрые леса. Для них же – для Ганны и Василя – это было первое лето, лето – песня, лето – праздник. Счастье этого лето было самым большим счастьем в их жизни».

Аударма: «Өзге адамдар үшін жаз кәдімгі жаз, өткен жаздардан мұның да айырмашылығы жоқ сияқты. Күннің көзі мен аспан үшін бұл жаз осыдан мың жыл, жүз жыл бұрынғыдай онда да осы айланы ми батпақ жайлап, ылғалды орман осылай сыңсып тұрған болатын. Ал, бірақ Ганна мен Василь үшін бұл – тұңғыш жаз, көңілдері күй шерткендей әннің жазы, мерекенің жазы болды. Бұл жаздағы бақыт бұлар үшін ең үлкен бақыт болатын», – деп екі жастың өмірдегі өзгерістерін, сезім жайлаған шағын табиғаттың осынау мезгілімен сабақтастырады.

Аталмыш романнан аудармасынан байқағанымыздай, Т. Әлімқұлов аудармаға талғаммен қарап, баламаны нақты беруде, кейіпкерлерді сөйлетуде көп еңбектенгені байқалады. Әсіресе, халықтың тіліндегі көне сөздерді қолдануда шеберлігін танытады. «Көркем прозаның тілі халықтық - әдеби тілден құралады. Халықтың тілін жазушы екшейді, құнарландырады, жандандыра-



ды. Бұл ретте, мәселен, дөрекі сөз кейіпкердің білім мөлшерін меңзесе, характерін ашуға септеседі» – деп, сондай-ақ, « Мен бұрын КСРО Жазушылар одағында кеңесші боп қызмет істегенде кейбір қазақ жазушысының шығармасын орыс тіліне аударғанмын және аударысқанмын. Өзім орысша сын кітабын жаздым. Сол кітап қазақ топырағына сүйенгендіктен сөз көбейетін, тіл шеберлеуге азын-аулақ пайда келтіретін. Осы күні ел аралағанда әртүрлі кәсіптің адамынан бейнелі сөз жұғады. О да реті келгенде кәдеге асады...», – деп шығармашылық зертханасынан сыр ашады. Бұл айтқандарын болашақ жазушыларға да, аудармашыларға да үлгі ете аламыз.

Т.Әлімқұловтың аудармашылық болмысын ашу үшін, субъективті факторларды да ескере кеткеніміз жөн. Т. Әлімқұловқа әріптестері де өз аударма шығармаларын оқытып, мақалаларын тексертіп отырған екен. Мәселен, академик Р. Бердібаевтың пікіріне сүйенсек, М. Әуезовтің өзі Т. Әлімқұловтың білімін мойындаған екен. «Мұқаң кейбір мақалаларын орысша жазатын. Жұмысы көп, аударып жүруге уақыты болмайды. Көбінесе мақалаларын Тәкен аударып беретін. М. Әуезов Тәкеннің түпнұсқаға ақау түсірмей, бұрмаламай, бұзбайтынына сенетін. Себебі, Тәкенде жатық тіл бар. Екіншіден Тәкен өте білімді адам. Шығыс әдебиетін де, батыс әдебиетін де өте кең біледі, ешбір нұқсан келтірмейді», – дей отырып өзі де: «Тәкеннің тілі – қазақ тілін бай білетін құнарлы тіл, байырғы қаймағы бұзылмаған нәрлі тіл» - десе, жазушы Ә. Тарази: «Жазушылардың көпшілігін екі тілді жазушы деп айтуға келеді. Олардың өз туған тілінен басқа екінші ана тілдері – орыс тілі. Кейде қазақ тілінде жазып отырған жазушының үлкен нәр қоры, асыл азығы қазақ тілінде ғана емес, қайта орыс әдеби тілінің тәрбиесін, көмегін әлдеқайда көбірек көргендікті аңғартады. Соның бірі қос тілді жазушы – Тәкен Әлімқұлов. Ол 1956 жылы КСРО жазушылар одағының жанында қазақ әдебиетінің өкілі болып кетті. Он сегіз жылдай Мәскеуде тұрып, қызмет істеді. Аударма саласында көп еңбек сіңірді. Айтайын дегенім, Тәкеннің аудармаға қатысты пікірлері, сол орыс әдебиетінен алған білімінің нәтижесі, жалықпай ізденгіштігі», – деп Т. Әлімқұловтың тәржімашылық қырын ашып береді.

«Аударма үстінде шабыттанбаған, бейнетіне рахаттанбаған, жүректің қанымен жазбаған адам ана тілде ұзақ жасайтын дүние тудыра алмайды. Сонымен бірге, поэтикалық шығарманы сөзбе-сөз, жолма-жол аудармай, тұтас алып аудару керек. Ойдың, сезімнің, образ жүйесінің жиынтығы сомдалып шығуға аудармашының қанынан қайнап шығу керек. Аудармашыны актерге ұқсас деген сөз менің көкейіме қонбайды. Аудармашы-автор», –деуінде де үлкен салмақ жағыр. Аударма теориясы, әрі көркем аудармамен қатар шұғылданған Т. Әлімқұлов көркем шығарма тәржімалау барысында, әрбір сөздің ұңғыл-шұңғылына дейін мұқият қарап қана қоймай, аударма түпнұсқаның мазмұнына, ырғағына, ұйқасына да сәйкес келуін басты назарда ұстайтыны байқалады.